

Абай қара сөздеріндегі құрмалас сөйлемдерде бағыныңқының басыңқыдан бұрын келуі шығыс әдебиетінің әсері деп тұжырымдайды. [4, 170].

Академик Р.Сыздық Абай қара сөздеріндегі стильдік ерекшеліктерді өлеңдері мен қара сөздерінің өзінде айтылған ойларын негізге ала отырып, Абайдың қара сөздерді жазудағы мақсатымен байланыстырады. Абайдың қара сөздерді жазудағы басты мақсаты – өмірден түйгенін халыққа жеткізу. Сәйкесінше, халыққа барынша түсінікті болу үшін Абай қара сөздерін жазуда ауызекі сөйлеу стилін таңдайды. Р.Сыздық жоғарыда Х.Сүйіншәлиев «орыс әдебиетінің әсерінен туындады» деген стильдік ерекшеліктерді шын мәнінде қазақтың ауызекі сөйлеу стиліне тән белгілер екенін дәлелдейді. Сондай-ақ ауызекі сөйлеу стилінде жазба әдеби тілі нормаларынан ауытқу орын алатыны белгілі. Бірақ ғалым көркем әдебиет тілінің өзінің заңдылықтары бар екенін, белгілі бір стильдік мақсатты орындау барысында орын алған ауытқуларға жол берілетіні туралы айтады. Бұл мәселеге қатысты пікірлерін Р.Сыздық өзінің «Сөз құдыреті» еңбегінде жазушы тіліндегі уәжді, уәжсіз ауытқу туралы талдауларында жалғастырады [1, 280-285]. Сонымен қатар Р.Сыздық Абайдың қара сөздерінен тарихи очерк, көркем публицистика, көркем әдебиет, теологиялық әдебиет жанрына тән стильдік белгілерді көрсетіп, олардың қолданылу уәжін талдап түсіндіреді [4,180-185].

Қорытындылап айтқанда, Р.Сыздықтың қазақ тіл біліміндегі лингвостилистика саласының негізін қалаудағы еңбегін қарастыру нәтижесінде мынадай түйін жасауға болады:

– Р.Сыздық Абай тілін талдауда қазақ тіл білімінде болмаған жаңа бағыт ұстанады. Егер бұрын лингвостилистикалық талдаулар көркемдеуіш құралдарды тізіп көрсетіп, олардың жасалу жолдары мен атқаратын қызметін анықтаумен шектелсе, Р.Сыздық Абай шығармаларын сөздің «поэтикадағы мүмкіндігін» ашып, сол арқылы тілдің коннотациялық компоненттері: экспрессияның, эмоциялылықтың, бағалауыштықтың көркем әдебиетте жүзеге асу механизмін ашып көрсетті.

– Лингвостилистика саласының теориялық және методологиялық базасын құрайтын тұжырымдар жасайды, зерттеудің бағыт-бағдарын белгілейді, жаңа ғылым саласының терминологиялық жүйесін жасауға қатысады.

– Р.Сыздық лингвостилистикаға қазақ әдеби тілін қалыптастыруда өзіндік ерекше орны бар Абай мен басқа да ақын-жыраулар шығармашылығын қазақ әдеби тілінің тарихымен байланыстыра зерттеу арқылы қадам басты. Сондықтан бұрын орыс әдебиеті немесе шығыс әдебиетінің әсері деп түсіндірілген Абайдың сөз қолданысындағы ерекшеліктерге қатысты біржақты, үстірт пікірлердің жаңсақтығын дәлелдеді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Сыздықова Р. Сөз құдыреті. Көптомдық шығармалар жинағы. /Рәбиға Сыздықова/. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 296 б.
2. Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы (оқу құралы). – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 198 б.
3. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі: (XIX ғ. бірінші жартысы). – Алматы: Ғылым, 1983. – 240 б.
4. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2004. – 208 б.
5. Жұмалиев Қ. Шығармалары. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 2007. – 272 б.
6. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қара сөздері. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. – 146 б.

**Жұмағали Арайлым, Есенбекова Қарлығаш**  
[arai.zhumagali04@gmail.com](mailto:arai.zhumagali04@gmail.com), [karlaesenbek@gmail.com](mailto:karlaesenbek@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, 6B01718-«Орыс тілі мен әдебиеті»  
білім беру бағдарламасының 1-курс студенттері, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші: проф.м.а. Б.С.Абдуова

Жұмыстың сипаты: Мемлекеттік тіл – елдің айнасы. Мемлекеттік тілді, өз ана тілін білу – әр азаматтың парызы. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Тіл – ұлттың жаны, сөйлер сөзі, қолдану құралы, ойлайтын ойы. Егер тіл болмаса, ұлт та болмайды. Біз тәуелсіздік алғаннан бері 31 жыл болды. Ал қазіргі таңда тәуелсіз Қазақстан ретінде қазақ тілінің мәртебесі қандай? Мемлекеттік әрі ұлттық тілді құрметтеу

– әрбір азаматтың міндеті. Қоғамымызда қазақ тілі – ана тілім дегенмен, қазақ тілінде сауатты сөйлегін жандар қатары көбеймей отыр. Әрине көпке топырақ шашпаймыз. Тіліміз үшін қызмет етіп жүрген жандар, тілді құрметтейтін азаматтар бар. Дегенмен елге қызмет етіп отырған жоғары шенділер, ұйым басшылары, әкім-қаралардың қазақ тіліндегі мәлімдемелері көңілге қонымсыз, шала-шарпы, тіпті түсініксіз екендігі жасырын емес. Елімізде мемлекеттік тіл жағдайының мәселесі көңіл көншітпейді. Қоғамда қазіргі жастардың қазақ тілінде сөйлеуден ұялатыны, сонымен қатар қазақ тілінде таза сөйлейтіндерді қоғамнан бөлетіні байқалады. «Ел ертеңі – жастардың қолында» деп жиі айтамыз, дегенмен, өзге елдің тілінде сөйлеп жүрген жастарымыз еліміздің болашағына қандай үлес қосатыны бізді алаңдатады. Өзге елдің тілінде сөйлеген адам сол елдің менталитетіне дағдыланады. Осы белең алып бара жатқан құбылыс халқымыздың аса маңызды тілдік құндылықтарын жоюда. Тіл үшін күрес заманауи Қазақстанның болашағы баянды болуы мақсатымен әзір тоқтамауға тиісті.

Жұмыстың жаңашылдығы: Жас ұрпақ бойында адами-мәдени құндылықтарды, адамзаттық құқықтық сананы, тілдік тағылымдарды, ұлтаралық татулық пен сыйластықты нығайтуды дамыту сияқты ұлттық әлеуметтік қағидаларды қалыптастыруда мемлекеттік тіл жетекші рөл атқаруы тиіс. Қазақ тілінің өзекті мәселелері, оның дамуы мен баюына байланысты проблемаларға ғалымдардың, мамандардың және мемлекет басшыларының айрықша көңіл бөлуі қажет деп санаймын. Біздің ойымызша, мемлекетіміздің азаматтығын алған әрбір адам қазақ тілінде білім алуы керек. Қоғамнан көп байқайтынымыз, қазір өзге ұлт өкілдерінен «Сіз қазақ тілін білесіз бе?» деп сұрасаң, «жоқ» деген жауап аламыз. Оның себебі бізде нақты қойылатын талап та, қоғам әсерінің болмауында жатыр. Соған байланысты біз, жастар, өзіміз секілді өскелең ұрпақтың қазақ тілін жетік меңгеруіне қол жеткізудің жолдарына тоқталдық. Бұл осы жұмыстың жаңашылдығына жатады.

Мақсаты: Мемлекеттік тіліміздің кең қолданысына ықпалдасу, ана тілімізді құрметтеу, жат сөздерден арылу, мемлекеттік тіл мәселесін заң талаптарына сай біріздендіру, үйлестіру және тіл саласында қоғамдық шараларды одан әрі күшейту, бұл іске қоғам жұртшылығын кеңінен жұмылдыру, ана тіліміздің мәртебесін көтерудің жолдарын қарастыру. Жобадан күтілетін нәтиже қазақ тіліне қойылатын талаптардың күшейтілуі арқылы әлеуметтік желілердегі, бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тілді контенттің саны мен сапасын арттыру қажеттілігін таныту.

Зерттеу әдістері: талдау, аудару, зерттеу, статистикалық көрсеткіштер, жинақтау.

Алаш зиялылары ХХ ғасырдың басында ұлттың тәуелсіздік мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени қалыптасуындағы асыл қазынаның бірегейі тіл екендігіне баса назар аударған. Олар тілді сақтау, дамыту, қолдану аясын кеңейту мәселелерін көтеріп, қазақ тілінің мәртебесіне ерекше мән берді. Ресей отаршылдығының саяси, рухани қысымын сезген, көзбен көрген Алаш зиялылары тілді, ұлтты сақтап қаларлық қуатты құрал деп қарады, бағалады, соған риясыз қызмет етті. Алаш зиялыларының бірегейі, тіл жанашыры

А.Байтұрсынұлы «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғаламайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деп ұлттық рухтың, болмыстың негізі де, арқауы да, тілекендігін ашып айтты [1].

Мемлекеттік тілді білмейтін азаматтар мемлекеттік қызметте жұмыс істемеуі керек. Көпшілік арасында қазақ тілі сұранысқа ие емес. Жұмысқа орналасу кезінде орыс және ағылшын тілдерін білу – ірі компаниялар мен мекемелерде, тіпті мемлекеттік жұмыстарға да қойылатын басты талаптың бірі. Бұл жағдайға қазақ тілін білмейтін қарапайым тұрғындардың қарсылығы күн санап күшейіп келеді. Тілді құрметтейтін ел ретінде қазақ тілін біліп, орыс және ағылшын тілдерін белгілі бір мақсаттар үшін меңгеруіміз керек екендігін түсінетін кез келді. Ұлтымыздың қайраткер ұлы, халық батыры Б.Момышұлы:

«Өз тілімнің сұлулығын сезбей, өзге тілдің сұлулығын сезіну екі талай» дегендей, өз тіліңнің тереңіне бойламасаң, өзге тілде сайрағаныңнан не пайда?

Қазір пікірталас алаңына айналған мәселелердің бірі - мемлекет тұрғындарын қазақ тілінде сөйлетуді мәжбүрлі түрде жүзеге асыру керек деген ой-пікірлер. Бірақ бұл ойдың күмән-күдігі жоғары. Өз кәсібін дамытып отырған әрбір кәсіпкерлер үшін, қазақ тілін меңгеру қаншалықты тиімді деген сауал туындайды. Себебі олар үшін өз жерінде орыс тілінде өмір сүру қиын емес, ал қазақтарға өз елінде орысша өмір сүру қиындық туғызып жатыр. Тіл мәселесі әлі күнге дейін өзекті екендігіне бұл ба бір дәлел. Жастар арасында ағылшын, орыс тілдерін қосып сөйлеу, саналы түрде шұбарлап сөйлеу сәнге айналып жатыр.

Тағы бір ақиқат нәрсе, біз, қазақстандықтар, теледидарда, әлеуметтік желілерде тұтынатын ақпараттарды орыс тілінде көбірек пайдаланатынымыз ақиқат. Алайда ресми дереккөздерге жүгінсек «бәрі жоспардағыдай, қазақша сөйлейтін адамдар көбеюде» деген ақпарат көп. Бұл шындыққа мүлде жараспайды. Басылымдарда мынадай деректер кездеседі:

«Қазақстанда мемлекеттік тілдегі құжат айналымының үлесі 92 пайызды құраса, қазақ тіліндегі медиаконтенттің үлесі 72 пайызды құрайтынын атап өтті. Республикада 89 облыстық мемлекеттік тілді оқыту орталығы жұмыс істейді. Орталықтар азаматтардың мемлекеттік тілді меңгеру мақсатында курстар ұйымдастырады. 2017 жылы орталықтарда 58,3 мың тыңдаушы мемлекеттік тілді оқыту курстарынан өтті» [2]

Осыған ұқсас жағдай теледидарда да қалыптасады. Британдық Kantar TNS мәліметі бойынша, Қазақстандағы телекөрсеткіштер көрсеткіштерін контенттің 54 пайыздан астамы кабельдік және спутниктік арналарда көрсетілетін шетелдік, негізінен ресейлік бағдарламалар. Қазақтілді бағдарламалардың рейтингі ұзақ жылдар қатарынан төмендеп келеді, бірақ көрсеткіштер «Россия-1», «СТС» немесе «ТНТ» телеарналарының өнімдерін тамашалауға дайын. 2020 жылдың көктеміндегі жағдай бойынша Қазақстандағы ең танымал шоу «Ресей ғажайыптар өрісі» болды [3].

Бұл мәлідемелерге сүйенсек, құжаттарда көрсетілген ақпараттар тек қағаз жүзінде. Күнделікті өмірде жылдан жылға орыстанып бара жатқанымыз анық байқалуда. Әсіресе, әлеуметтік желі. Liveinternet рейтингі бойынша ұлттық сегменттегі ең танымал 20 сайттың ішінде тек бес қазақтілді ресурс бар, қалғаны орыс тілінде. Forbes Kazakhstan нұсқасы бойынша ең танымал жиырма видеоблогта жобалардың басым көпшілігі, тіпті авторлары этникалық қазақтар болса да, контент орыс тілінде жүзеге асырылады. Google іздеу сұрауларының былтырғы рейтингі қазақстандық қолданушылардың іс жүзінде қазақ тілін қолданбайтынын көрсетті. Түрлі түрдегі ең көп сұранысқа ие 60 сұраныстың тек төртеуінде ғана қазақ тілінің лексикасы бар, бұл тірі тіл емес, мемлекеттік қызметтердің республикалық ресурстарының атаулары. Жаңалықтарды, фильмдерді және коммерциялық ұсыныстарды қоса алғанда, қазақтар орысша іздеуді жөн көреді.

Әлеуметтік желілердегі, бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақ тілді контенттің саны мен сапасын арттыру қажет. Бүгінде технология дамыған заманда баспасөздің рөлі әлсіреуде, ал

интернет сайттар мен жеке блогтардың маңызы артуда. Республикалық деңгейдегі тіпті маңдайалды газеттеріміздің таралымы мен әлеуметтік желілердегі танымал азаматтардың жазылушылары арасында жер мен көктей айырмашылық бар . Әрине басымдық соңғыларының еншісінде. Бұл интернет қолданушылар санының соңғы уақытта күрт артып келе жатқанына байланысты.

Сондықтан интернеттегі қазақ тілді контенттің дамуына мемлекет және қалыптасып келе жатқанын білдірсе керек. Алайда қазіргі таңда Қазақстан халқының мемлекеттік тілді меңгеру көрсеткіші бойынша өңірлер арасында бірыңғайлық жоқ . Бұл тиісті өңірдің географиялық орналасу ерекшелігі мен тұрғындардың этникалық құрамына байланысты. Мысалы « Қазақстан Республикасындағы тіл саясаты мәселелері бойынша әлеуметтік талдамалы зерттеулерге » сүйенсек қазақ тілін меңгерген респонденттердің ең көп саны Қызылорда ( 97,9 % ) , Атырау ( 94,7 % ) облыстары мен Шымкент қаласының ( 91,9 % ) тұрғындары. Қазақ тілін Қостанай облысында ( 24,9 % ) , Батыс облысында ( 26,3 % ) және облысында ( 42,7 % ) меңгерген[4]. Бұған дәлелді алыстан іздемесек те болады. Қарапайым мысал, ізденіс үстіндегі адамдардың көпшілігі ақпарат іздеу барысында қазақ тіліне қарағанда, орыс тілінде толық ақпараттар легі барын айтып шағымданады. Бұл жалған емес. Ал аудармаларын тұтынайын десең, орыс тілді нұсқасымен салыстырғанда, ақылға қонымсыз жасалған аударманы ұшырастырамыз. Қазақ тілі бай деп мақтанышпен айтқанда, мына аудармалардағы олқылықтарға қарап, тіл байлығына күмән келтіреміз бе, әлде аударма ісінің дұрыс жолға қойылмауынан көреміз бе деп ойланып қаламыз.

Осы тұста Халел Досмұхамедұлының «Ана тілін жақсы біліп тұрып бөтенше сөйлесең, бұл – сүйініш, ана тілін біле тұрып бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілге еліктей беруі зор қате. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек»[5] деген пікірі қазір де өте өзекті.

Қазіргі жастар – ұлттың болашағы.Әрине тіл білу зиян емес, бірақ ана тілін құрметтеу керек. Біз басқаларға еліктеуден, өз ойымыз бен өз бағдарымыздан жаңылғандаймыз. Тез жетістікке жету, көп тіл білу, шет елде жүру, ең соңғы маркадағы көлік ең бірінші орында тұрмауы қажет. «Біз үшін маңыздысы – ұлттық ерекшелігімізді жоғалтпау, тарихымыздың, мәдениетіміздің, ана тіліміздің қаймағын бұзбай сақтау. Қазіргі күні ағылшын, орыс, қытай тілдеріне түрлі деңгейде қажеттілік туатыны рас. Ғылым-білім, техника, бизнес дегендей әлеуметтік қарым-қатынастың барлық саласын қамтыған көптілділік мәселесінің еліміз үшін шынайы талапқа айналғанын да жоққа шығарудан аулақпыз. Бірақ мұның бәрі қазақ тілін құрбандыққа шалу есебінен жүргізілуіне түбегейлі қарсымыз»[6] деген пікірді терең түсінуіміз керек.

Біз университетте «Қазақ тіліне қажеттілік неге жоқ?» деген сауалды студенттерге қойдық. Бұл сұрақтан түрлі жауаптар алдық, бірі «қазақ тілі факультетіне 250 грант бөлді де, орыс тіліне 450 грант бөлді» деп шағымданса, енді бірінен «Қазақстан азаматтарында патриоттық сезім жоқ» деген жауаптар алдық. Ал ең қызық пікір «Қазақстанда өзге тілге көп басымдық береді де, өз тілдерін артқа тарта береді, Өзбекстанда өзбек тілі аптасына 3 рет өтіледі де, орыс тілі және ағылшын тілдері бір рет өтіледі. Отбасымызда бізді кішкентайымыздан патриоттыққа тәрбиелейді» деп өз ойымен бөлісті өзбекстан азаматшасы. Осы тұста Кемал Ататүріктің түрік тілінің жойылу қаупінен қалай аман сақтағанын еске алсақ болады..Кезінде түрік тілі, отбасы-ошақ асынан аса алмай қалған. Кемал Ататүрік түрік тілін араб, парсы тілдерінен кірген сөздерден тазартып, олардың орнына орхон, ұйғыр жазбаларынан алынған көне түрік сөздерін енгізіп, тіпті кей жағдайларда түбірі қолдан жасалған түрік сөздерімен алмастырған. Бүгінде түрік тілінде жер де, көк те, аспан да, атырып та, тау да, тас та, қала да, көше де түрік тілінде сөйлейді. Сол секілді қазақтың аса дарынды ұлы Димаш Кұдайберген – көпке

ұлтжандылығымен үлгі. Ол қазақстандықтарды өзінің инстаграм парақшасында қазақша сөйлеуге шақырды:

«Достар, жақында тіл төңірегінде сөз қозғаған бір жобаға осындай үндеу түсіріп берген болатынмын. Біздің жастарымыз тіліміздің таза болуына, өз жерімізде тіліміздің құнсызданып кетпеуі үшін еңбек ету керек деп ойлаймын. Қазақ тілімен қаруланған қандастарымыз, тілі біраз шорқақтау болып жүрген бауырларымыз қазақша үйреніп бастағанда қолдан келгенше қатесін түзеп жіберіп, көмектесіп, демеу беріп отырайық. Біз Қазақстан деп аталатын өз жерімізде, өз елімізде мемлекеттік тілде яғни ана тілімізде сөйлеуіміз керек. Тілімізді мақтан тұтып жүрейік» деп жазған[7].

Зерттеулерге қарағанда, бүгінгі күн әлемде әр 14 тәулік сайын бір тіл жойылады екен. Тілдің өлуі бүкіл бір мәдениеттің, тұрмыстық салт-сананың құдымға кетуі деген сөз. Міне, Қазақстандағы қазақ тілінің ахуалы осы. Жасалып жатқан реформалар мардымсыз немесе ақылға қонбайтын алдамшы статистика. Егер де қазір қазақ тілімізді қолға алмасақ, қазақ тілінің болашақта жойылып кетуі әбден мүмкін, шындықты қабылдасақ та, қабылдамасақ та осы.

Қорытынды. Әрбір елдің мемлекеттік саясатындағы ана тілінің, ұлттық мәдениетінің орны ерекше. Осы 31 жыл ішінде қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту үшін мемлекет біршама іс атқарды. Мұнда бір ғана мәселе бар: осынша жылдар бойы қазақ тілі өзгеге емес, өзімізге керек екенін түсінбей келе жатырмыз. Қазақ тіліне көптеген қажеттілік туындату қажет. Халықтың басым көпшілігі теледидар, жаңалықтарды көп көреді. Ұсыныс ретінде біз тілге байланысты, ұлтқа байланысты кинолар, деректі оқиғалар түсірулеруін сұраймыз. Сонымен қатар қазақ тілінде рухани кештер, сайыстар өткізілсе және тіл мерекесін ерекше аталып өтілсе деген ойларымыз бар. Қазақ тілінде мотивациялық кітаптар өзімізден шыққаны дұрыс. Қоғамдағы жастар бәсекелестік пен қарқынды дамып келе жатқан заманда өмір сүріп жатқандықтан қысқа да нұсқа ақпараттарады ұнатады. Ал қазіргі қазақ тілінде жазылған кітаптар, әсіресе ұлы ойшылдар, даналар, ақындардың шығармалары жастарға түсінуі қиындық туғызады. Жастардың ой-пікіріне қарасақ, «қазақ тіліндегі кітаптар бір жағдайды 3 бет етіп сипаттайды, ал бізге нақты және жеңіл сөзді кітаптар ұнайды» деп айтады. Ең өзекті мәселеге қазақ тілінің экологиясы да жататыны белгілі. Тіл тазалығының ішіне қатесіз жазу, тілде шұбарлап сөйлемеу жатады. Бұл да ерекше ескерілер жайт.

Сө соңында ата-бабаларымыздың өшпес мұраларын, салып кеткен дара жолын, дана жолын келесі ұрпаққа біз аман-есен жеткізуіміз керек. Бұл болашақ орыс тілі мұғалімдері болғандықтан, қазақ тілінің мәртебесі орыс тілінен төмен тұрғанын қаламаймыз.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://tilalemi.kz/article/960/> // Мемлекеттік қызметшілердің сөйлеу мәдениеті. 7.9.2017
2. <https://bugin.kz/20823-akhmet-baytursynuly-oz-tilimen-soylesken-oz-tilimen-dgazghan-dgurttynh-ulttyghy/> // Ахмет Байтұрсынұлы: Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы жоғалмайды. 06.10.2021
3. <https://strategy2050.kz/news/aza-standa-y-memlekettik-tildi-damytu-rdisini-zekti-m-seleleri/> // Қазақстандағы мемлекеттік тілді дамыту үрдісінің өзекті мәселелері. 25.02.2020
4. <https://arasha.kz/halel-dosm-hamedov-z-tilin-bilmej-t/> // Халел Досмұхамедов. өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беруі зор қате. 05-12-17
5. <https://stan.kz/ote-yyat-dimash-kydaybergen-kazak-tiline-katisti-malimd-357285/> / Димаш Құдайберген қазақ тіліне қатысты мәлімдеме жасады. 14.12.2021
6. <https://tilalemi.kz/article/31> // Тілдің шұбарлануы – ұлтқа төнген қауіп. 09.08.2016
7. <http://edq.kz/> / Тіл мәдениеті мен тазалығы. 19.05.2017.